



Компания стандарттары

«Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг)» ЖШС

**Қазақмыс тобына кіретін
«Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг)» ЖШС күміс жеткізу
тізбектеріне қатысты жауапты тәжірибе бойынша
САЯСАТЫ**

**Балқаш қ.
2021**

«Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг)» ЖШС өзінің құрылымында LBMA Гуд Деливерінің сапасына сәйкес келетін күміс құймаларын өндіретін аффинаж цехы бар компания ретінде LBMA басшылығының күміс жеткізу тізбегі саласындағы жауапты тәжірибе бойынша талаптарын қабылдайды және орындауға міндеттенеді.

Біз Қазақстан Республикасының заңнамасын, LBMA басшылығының талаптарын сақтайтын боламыз, олардың шеңберінде өзімізге мынадай міндеттемелерді аламыз:

1. Күмісті тасымалдауға және жеткізуге байланысты елеулі бұзушылықтарға қатысты біз төмендегілерге жол бермеуге, ықпал етпеуге және қолдау көрсетпеуге міндеттенеміз:

- адам құқықтарын бұзу және теріс пайдалану (азаптау, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және қорлайтын қарым-қатынас);
- мәжбүрлі және еріксіз еңбекке;
- әскери қылмыстар, халықаралық гуманитарлық құқықтың бұзылуы, адамзатқа қарсы қылмыстар немесе геноцид;
- балалар еңбегін пайдалану.

2. Қоғамдық немесе жеке қауіпсіздік күштеріне қатысты біз қоғамдық немесе жеке қауіпсіздік күштерінің рөлі адам құқықтарын сақтау жөніндегі кепілдіктерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жұмыскерлердің, объектілердің, жабдықтардың және меншіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылатынын растаймыз. Біз осы саясаттың бірінші тармағында белгіленген міндеттемелерді бұзатын қоғамдық немесе жеке қауіпсіздік күштеріне тікелей немесе жанама қолдау көрсетпейміз.

3. Парақорлыққа және күмістің шығу тегі туралы қасақана жаңылыстыруға қатысты біз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күмістің шығу тегін жасыру немесе өзгерту үшін немесе мемлекеттік қазынаға төленетін төлемдер мөлшерін бұрмалау үшін ұсынылатын параларды ұсынбауға, уәде етпеуге, бермеуге, талап етпеуге және қабылдамауға міндеттенеміз.

4. Ақшаны жылыстатуға қатысты күмісті қайта өңдеу, тасымалдау нәтижесінде туындайтын осындай тәуекелдердің негізделген фактілері болған жағдайда, ақшаны жылыстатуға тиімді қарсы іс-қимыл бойынша тиісті органдарға жәрдемдесуге міндеттенеміз.

5. Мәмілелер мониторингіне қатысты хабарлаймыз, күмісті өңдеу және шығару: компаниялар тобына кіретін меншікті өндірістің 74% және үлестес компаниялардың 26% өндіріледі.

Пысықтау сатысында қаралатын шикізат кен орны UNESCO ашықтық порталында тексеріледі (сайтқа сілтеме <https://whc.unesco.org/en/list/&order=country#alphaK>);

Сондай-ақ, шикізат кен орны Хайдельберг жанжалдарының барометрі арқылы әскери іс-қимылдар немесе өзге де қарулы қақтығыстар аймағында орналасқандығы

тексеріледі (сайтқа сілтеме [http://www.responsiblemineralsinitiative.org/minerals-due-diligence/risk-management/conflict-affected-and-high-risk-areas/.](http://www.responsiblemineralsinitiative.org/minerals-due-diligence/risk-management/conflict-affected-and-high-risk-areas/))

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары туралы ақпараттылықты арттыру үшін СТ ЖШС 050140000656-01-8.1-02-2017 «Шарт (келісімшарт, келісім). Қарау, қорытынды жасау және оның орындалуын бақылау тәртібі».

«Жедел желі» бөліміндегі хабарландыруға сәйкес тіркелуі мүмкін күмісті жеткізу тізбектеріне қатысты ықтимал қауіптер туралы ақпаратты бақылаймыз.

Біз контрагенттер туралы басқа деректерді немесе сенімді, тәуелсіз көздерден алынған ақпаратты пайдаланамыз.

Келісімшарттарды орындау барысында тәуекелдер туындаған жағдайда, оны ұсынбаған кезде, келісімшарт бұзылуы мүмкін қажетті ақпаратты сұратамыз.

Сондай-ақ, өнім берушінің қызметі немесе әлеуетті ұсыныс туралы ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда ынтымақтастықтан бас тартамыз.

6. Есепке алуды жүргізу

Компанияның күмісті жеткізу бойынша контрагенттермен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «LBMA БАСҚАРУШЫ НҰСҚАУЛАРЫН САҚТАУ КЕПІЛДІКТЕРІН» сақтаймыз.

Келісімшартта көзделген ақпаратты құжаттаумен мәмілелердің тұрақты мониторингін жүргіземіз.

Аффинаж цехына келіп түсетін күмістің келісімшарттар талаптарына сәйкестігін компанияда жалпы қабылданған әдістермен тексереміз.

Күміс жеткізу тізбегіне қатысатын жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастырамыз.

Біз компания басшылығына нақты немесе қолда бар дәлелдер негізінде, контрагенттің LBMA нұсқаулықтарының талаптарын бұзуы туралы уақтылы хабарлаймыз.

Күміс жеткізу тізбектеріне қатысты жауапты тәжірибе бойынша LBMA талаптарын орындау саласында өз қызметімізге тәуелсіз аудит жүргіземіз.

Біз LBMA басшылығының күміс жеткізу тізбегі саласындағы жауапты тәжірибе талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік шараларды тұрақты негізде қалыптастырамыз және жетілдіреміз.

Күмісті жеткізу тізбегі саласындағы жауапты тәжірибе бойынша LBMA басшылығы осы «Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг)» ЖШС саясатынан басымдыққа ие және LBMA басшылығынан оны қолдану үшін аффинаж зауытының қосымша нормативтік құжаты талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

LBMA басшылығына күмісті жеткізу тізбегі саласындағы жауапты тәжірибе бойынша енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар «Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг) ЖШС қолдану үшін міндетті.